

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Корнеевка ауылдық округінің жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2023 жылғы 27 қарашадағы № 10/143 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32894 болып тіркелген) сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Корнеевка ауылдық округінің жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізудің қағидалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Корнеевка ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы
мәслихатының төрағасы*

Е.Тұтқышев

Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихатының
2023 жылғы 27 қарашадағы
№ 10/143 шешіміне
1-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Корнеевка ауылдық округінің жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізу қағидалары

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Корнеевка ауылдық округінің жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту қағидаларын (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының

39-3-бабының 6-тармағына, "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32894 болып тіркелген) сәйкес әзірленді және Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Корнеевка ауылдық округі аумағында ауыл, көше тұрғындарының жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізу тәртібін белгілейді.

2. Осы қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны – ауылдың, көшенің тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы;
- 2) жергілікті қоғамдастық - шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы.

2 тарау. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдық округтің аумағы учаскелерге (ауыл, көше) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Ауылдық округтің әкімі ауыл, көше шегінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын шақырады және өткізуді ұйымдастырады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған кезде көппәтерлі үйдің бөлек жиындары жүргізілмейді.

6. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы жергілікті қоғамдастықтың халқын ауылдық округтің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер арқылы және азаматтар көп жиналатын жерлерде баспа хабарландыруларын орналастыру жолы арқылы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етеді.

7. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ашудың алдында тиісті ауылдың, көшенің қатысып отырған тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Кәмелетке толмағандардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдардың жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысуына жол берілмейді.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, көшеде тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ауылдық округтің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Ауылдық округтің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

9. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Есіл ауданының мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының қатысушылары ұсынады.

10. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп дауысын жинаған кандидаттар сайланды деп есептеледі.

Егер жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында дауыс беру кезінде қатысушылардың дауыстары тең бөлінген жағдайда, бөлек жиынның төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

11. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасына төраға мен хатшы қол қояды және бөлек жиын өткізілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жиын хатшысы тіркеу үшін Корнеевка ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.

Жергілікті қоғамдастық жиынында немесе жергілікті қоғамдастық жиналысында хаттама жүргізіледі, онда:

1) жергілікті қоғамдастық жиынының немесе жергілікті қоғамдастық жиналысының өткізілген күні мен орны;

2) тиісті аумақта тұратын және жергілікті қоғамдастық жиынына немесе жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысуға құқығы бар жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жалпы саны;

3) қатысушылардың саны және олардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетілген тізім;

4) жергілікті қоғамдастық жиынының немесе жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы мен хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);

5) күн тәртібі, сөйленген сөздердің мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихатының
2023 жылғы 27 қарашадағы
№ 10/143 шешіміне
2-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Корнеевка ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

№ р\с	Елді мекеннің атауы, көшелердің атауы	Өкілдер саны (адам)
1.	Корнеевка ауылының тұрғындары үшін:	
1.1.	Целинная	1
1.2.	Партизанская	1
1.3.	Степная	1
1.4.	Әлия Молдағұлова	1
1.5.	Пушкин	1
1.6.	Мағжан Жұмабаев	1
1.7.	Строителей	1
1.8.	Набережная	1
1.9.	Индустриальная	3
1.10.	Новая	1
1.11.	Транспортная	1
1.12.	Сәбит Мұқанов	1
1.13.	Абай	3
1.14.	Московская	1
1.15.	Урожайная	2
1.16.	Молодежная	1
1.17.	Шоқан Уәлиханов	2
1.18.	А.М. Ершов	3
1.19.	Комаров	3
1.20.	Жеңіс	2
1.21.	Жәлел Қизатов	1
1.22.	Озерная	1
1.23.	Октябрьская	1
1.24.	Достық	1
1.25.	Бабкина	1
1.26.	Северная	1
1.27.	Интернациональная	1
1.28.	Кооперативная	1
2.	Советское ауылының тұрғындары үшін	3
3.	Новоузенка ауылының тұрғындары үшін	1
4.	Леонидовка ауылының тұрғындары үшін	1

